

Список литературы

1. Статья Главы государства, «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», стр. 1-4, 2017 г. Астана.
2. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы (Указ Президента Республики Казахстан от 1 марта 2016 года № 205)
3. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения (далее – ГОСДВО), утвержденного ППРК от 13 мая 2016 года № 292.
4. Типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения (далее – Типовая программа), утвержденной приказом МОН РК от 12 августа 2016 года № 499;
5. Типовой учебный план дошкольного воспитания и обучения (приложение 1 к приказу МОН РК от 22 июня 2016 г. № 391);
6. Методические рекомендации по использованию сквозных тем для реализации содержания Типовой учебной программы, рекомендованных НМС Республиканского Центра «Дошкольное детство» МОН РК протокол №2 от 10.01. 2017г.
7. Методические рекомендации по проведению мониторинга развития умений и навыков детей по усвоению содержания Типовой учебной программы, рекомендованных НМС Республиканского Центра «Дошкольное детство», МОН РК протокол №3 от 7.02.2017г.)
8. Мамбетова Ш. М. Формирование поликультурной личности детей дошкольного возраста с помощью изучения языков // Молодой ученый. - 2017. - №3. - С. 574-576. - URL <https://moluch.ru/archive/137/38505/> (дата обращения: 25.03.2019).
9. План мероприятий по продвижению трехязычного образования (Астана, Акorda, 30 октября 2015 г., №11).
10. Сейтжаов З.Т. «Специфика этноэстетического воспитания в Казахстане» журнал «Білім образование» №3, 2004г.
11. План нации - 100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ Главы государства Нурсултана Назарбаева (май 2015 года)
12. Гукаленко О. В. Поликультурное образование: теория и практика/ О. В. Гукаленко. - Ростов н/Д: Изд-во РГПУ, 2003.
13. Гуров В.Н., Вульф В.З., Галяпина В.Н. и др. Формирование толерантной личности в полиэтнической образовательной среде: Учебное пособие. – М., 2004.
14. Кабдуев А. Воспитание личности и право.//Мысль.2005. № 6. с. 39.
15. Лезина В.В. Развитие поликультурного образования в Казахстане. Современные наукоемкие технологии. -2008.-№3 - с.72-76

МУЗЫКА МҰҒАЛІМІНІҢ СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСЫН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰРАЛ АРҚЫЛЫ ӨТКІЗУ.

Ықылас А., 4 курс, музыкалық білім

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., профессор **Жакаева С.А.**

Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қ.

Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілетті ел ретінде даму стратегиясы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауларында атап өтілгендей, қоғамымыздың басым міндеттерінің бірінің жүзеге асырылуы -халықтың компьютерлік сауаттылығын қалыптастырумен байланысты.

Қазіргі таңда жоғары және орта білім беру салаларының алға қойылған мақсаттардың бірі – жаңа ақпараттық технологияны білім беру жүйесіне пайдалана алатын, ақпараттық мәдениеті жоғары, білімді шығармашыл, тұлғаны қалыптастыру.

Оқытудың компьютерлік технологиясы педагогикалық оқыту технологиясының құрамдас бөлігі болып табылады. Компьютерлік технология белгілі бір педагогикалық технологияның оқу үрдісіне енгізілуіне қолайлы жағдай жасайды, оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыруға, оқу үрдісін тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Жас ұрпаққа тек тәрбие объектісі ретінде ғана емес, өзіндік ақыл-ойы, талап-тілегі, қажеті бар субъекті ретінде қарап, бойындағы туа біткен, табиғи мүмкіндіктерін дамыту, бағалау, сенім, үлгі көрсету, талап ету арқылы жауапкершілігін жетілдіру, ынтымақтастық педагогикасын қолданып, оқу- тәрбие жұмысын жүргізу арқылы жеке тұлғаны қалыптастыруға жол ашылады.

Педагогикалық қызмет еңбек объектісінің ерекшелігімен айрықшаланады. Өйткені, ол үнемі дамып, бір мезгілде тәрбиенің объектісі де, субъектісі де бола алатын жеке тұлғамен істес. Қоғамдағы жас ұрпақ тәрбиесі төрт түрлі әлеуметтік күштің бірлескен жұмысы арқылы жүзеге аспақ: отбасы, мектеп, әлеуметтік орта, жұртшылық. Осы күштерді біріктіріп, байланыстырып ортақ мақсатқа бағыттап отыратын – музыка мұғалімі.

Музыкалық білім беру дегеніміз – музыкалық шығармалар арқылы жас ұрпақты өмірдегі, күнделікті тұрмыстағы, еңбектегі, табиғаттағы және әдебиет пен өнердегі әсемдікті, сұлулықты, асқақтықты, азаматтықты, адамгершілікті дұрыс қабылдап, түсініп бойына сіңіре білуге, әділ бағалауға, тіршілікте іске асырып отыруға баулу, әсемдікті тани, жасай білуге үйрету. Музыкалық білім берудің мақсаты – әр адамның ақыл-ойын, әсемдік жөніндегі сауаттылығын арттырып, мінез-құлқының, тәнмен жанның қалыптасуына ықпал ету. Жасампаздықты мұрат тұтып, өзінің тұрмысын, мінез-құлқын, адамдармен қарым-қатынасын, ұйымдастыра білу қабілетін, қиялын, эстетикалық талғамын дамыту. Эстетикалық тәрбие жан-жақты дамыған, еңбек сүйгіш, достыққа берік, жаны сұлу, әдепті жастарды тәрбиелеудің басты бір саласы.

Музыкалық білім - кең ұғым. Ол әсемдікті сезе білуге көркемөнер құралдары арқылы ғана емес, қоғамдық өмірдің, оқудың, еңбектің, табиғаттың сұлулығын тану кезінде, адамдармен қарым- қатынас үстінде тәрбиеленеді. Өскелең ұрпаққа музыкалық білім берудегі біздің алдымыздағы ең басты міндет – оқушыларға көркемдік білім беру мен эстетикалық тәрбиені айтарлықтай толық, өнер шығармалырының, туған табиғаттың сұлулығы мен байлығын түсініп, бағалай білу қасиетін қалыптастыру. Осы мақсатта әрбір оқу пәнінің, әсіресе, зор танымдық және тәрбиелік күші бар әдебиет, музыка өнерінің эстетикалық мүмкіндіктерін жақсы пайдалану қажет. Музыкалық тағылым мен эстетикалық тәлім-тәрбие беру жөнінде көптеген айтарлықтай тәжірибе жинақталды. Осы мәселе жөнінде оның түрлері, ұйымдастыру әдістері О.А. Апрашкина, Л.Арчажникова, Е.Я. Гембицкая, Д.В. Кабалевский еңбектерінде және басқалардың зерттеулеріне көрініс тапты. Бүгінгі таңда оқушылардың музыкалық-эстетикалық білім беру, тәрбие мәселесі Қазақстан ғылым педагогтары А.Нұғманова, М.Момынов, С.Ұзақбаев, Ж.Өтемісов, М.Балтабаев т.б еңбектеріне елеулі орын алған. Ал мектеп сахнасына арналған тәрбие жұмыстарының әр түрлі формаларын өз еңбектерінде көрсетіп, әр түрлі тақырыптарда, кештерге, мерекелерге және сынып сағаттарына сценарийлер жазып жинақтаған көптеген ақын жазушыларымызды атауға болады. Солардың ішінде Ә.Табылдиев, оның “Тәрбие очерктері”, “Көңілді кештер” атты еңбектерін, Т.Боранғалиевтың ”Мектеп кеші көңілді”, Б.Бісқақовтың “Өлімнің әлегі”, Қ.Боқаевтың “Өнерлі өрге жүзер” т.б. жинақтарын айта кетуге болады. Бұл жинақтарда жазылған пьесалар мен ертеңгіліктердің, мектеп сахнасына арналған сценарийлердің оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде маңызы зор. Жинақтарда жазылған кейбір образдар арқылы, олардың жақсы жақтарымен оқушылар санасына сіңіп кету, олардың бойында өнер мен әдебиет арқылы жақсы азаматтық қасиеттердің пайда болуы көзделіп, елге, жерге, Отанға, ата-ана, туған ел мен қоршаған ортаға деген махаббат сезімінің қалыптасуына көмектеседі. Жеткіншек ұрпаққа музыкалық білім беру мәселелері бойынша материалдарда бүгінгі мектептердің практикалық тәжірибесі бар болғанына қарамастан бұл проблеманың көптеген жүйелері әлі толық зерттелмеген. Мәселен, егер қазақ халқының музыка өнерін игеруде сабақ пен сыныптан тыс әрекеттердің өзара байланыстылығы мен халықтың музыка

мұрасын игеруге тартуда қазақ музыкасының өзіндік ерекшеліктері ескеріліп, мақсатты бағытталған әдіс-тәсілдермен жүзеге асырылса, онда оқушылардың музыкалық тәрбиесінің тиімділігі анағұрлым артады. Сол сияқты әртүрлі жүйелерде пайдалану, халықтық педагогика, ұлттық музыка тәрбиесі негізінде жұмыстар жүргізу, онда жаңа жолдарын іздестіру жас жеткіншектерге рухани тәрбие беру, музыкалық тәрбие беруде бағалы жолдары болып табылады.

Ғалымдар эстетикалық білім беруді қоғамдық-мәдени өмірдің жан- жақты дамуымен байланыстыра қарайды, сондай-ақ өткен дәуірдің алдыңғы қатарлы дәстүрі мен тәжірибесіне сүйенеді. Әсемдік болмыста объективті түрде өмір сүреді, адам өзінің шығармашылық қызметінде өмірді және оның әсемдігін сәулелендіреді. Адамның әсемдікті сезе, тани білу қабілеті әсемдікті жасауға қатынасы оның сезім байлығы мен эстетикалық мәдениетінің даму дәрежесіне байланысты.

Музыкалық тәрбиені бала дамуының алғашқы сатысынан бастау жан- жақты жарасымды дамыған ұрпақ тәрбиелеудің алғы шарты.

Музыкалық білім берудің міндеттері:

1. Оқушылардың музыкалық-эстетикалық қабылдауын жүйелі түрде дамыту. Осының негізінде қоғамдық өмір мен айналаны терең таныту және олардың адамгершілік бейнесін қалыптастыру. Олардың зейінін өмірдегі, табиғаттағы, еңбектегі, адамдардың тәртібі мен іс-әрекетіндегі, тал бойындағы әсемдікті көре білуге аудару, өмірдегі шын әдемілікті жасанды әдеміліктен ажырата білуге, оны дұрыс бағалауға үйрету.

2. Оқушылардың музыкалық-эстетикалық түсінігі мен құштарлығын, сезімталдық қабілетін дамыту. Эстетикалық жан құбылысын тудыратын қуану, қайғыру, қобалжу, әсерлену, бейжай болу, көркемдікті қабылдауда шығармада бейнеленген кейіпкердің қуанышы мен ренішіне, табысына бірге қуанып, бірге қайғырып әсерленуін, көңіл-күйінің толқуын дамыту.

3. Оқушылардың көркемдік талғамын тәрбиелеу. Оларды жақсы мен жаманды, сұлулық пен кейіпсіздікті, нәзіктік пен дөрекілікті, бір түстілік пен ала-құлалықты ажырата білуге, өлең, ән, музыка, бейнелеу өнері шығармаларының не себептен ұнамайтынын аңғара білуге үйрету.

Музыкалық-эстетикалық талғам-өте кең түсінік. Ол өнер шығармаларын түсініп, нәр алу ғана емес, сонымен қатар табиғаттың, өмірдің, еңбектің, тұрмыстың, киімнің әсемдігін түсіну және бағалай білу.

4. Оқушылардың күшіне сай өзін өнерде көрсете білу қабілетін, айналаға қажетті әдемілік жасауға талпынысын тәрбиелеу, көркемдік-шығармашылық қабілетін дамыту.

5. Музыкалық-эстетикалық тәрбиенің тағы бір мәнді міндеті жас ұрпақты жас ерекшелігіне қарамай, өмірдегі, табиғаттағы әсемдікті қорғауға, бағалауға, сақтауға, молайтуға үйрету. Табиғаттағы әсемдікті өнердегі көрсеткіштер – ескерткіштер мен сәулет өнері туындыларын көзінің қарашағындай етіп аялауға баулу. Бұл адам еңбегін бағалауға, Отан, табиғат байлығын ұқыпты қарауға үйрету.

Музыка пәні мұғалімінің күнделікті тәрбие жұмысында төмендегі міндеттер көрініс табуы тиіс:

Оқушылардың жалпы мәдениетін көтеру қазақ халқының озық салт-дәстүрлері рухында тәрбиелеп, дүниетанымының дербестігін, мінез-құлқын жетілдіру көзделеді. Оқыту процесі сияқты тәрбие жұмысы да белгілі ұстанымдар негізінде жүргізіледі. Тәрбие ұстанымдары және тұлғаны тәрбиелеу жөніндегі ілімдерге және ғасырлар бойы жинақталған халықтық тәжірибеге және ғылыми педагогикаға сүйенеді. Бұл ұстанымдардың идеялық негізі мектептің өмірмен тәжірибемен еңбекпен байланысына сай Әл-Фарабидың айтуынша: «Музыка теориясының негізгі принциптерін тек түйсік тәжірибе арқылы білуге болады», - дегендей ғылыми педагогика мен халық педагогикасындағы тәжірибеде тексеріліп кеңейтілгені, музыка мұғалімінің сыныптан тыс жұмысын тиімді де нәтижелі атқаруына көп ықпалын тигізеді.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты

міндеттерінің бірі - білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» - деп көрсетілген. Солардың бірі білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып компьютер саналады. Сондықтан кез келген білім беру саласында мультимедиялық электрондық оқыту құралдары барлық пәндерді оқытуға пайдаланады. Бұл бағытта ақпараттық технологияны оқыту үрдісіне екпінді түрде енгізу бағытында және қолданылатын жаңа құралдардың бірі – бағдарламалық- техникалық кешен болып саналатын «Активті экран» болып табылады.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Олай болса, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік-ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы.

Ақпараттық бірлікті қалыптастыру: мектептің материалдық-техникалық базасына; ақпараттық қоғам саясатының мақсаты мен міндеттеріне; оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру жүйесіне; оқушылардың жас ерекшеліктері мен меңгеру қабілеттеріне, педагог мамандардың информатикадан білім деңгейлерінің сапасы мен шеберліктеріне, оқу-тәрбие бағытының ақпараттық қоғам бағытымен өзара байланысына тәуелді.

Қазіргі уақытта эстетикалық білім беруде сабақ барысында интерактивті құралдарды қолдануда. Интерактивті құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр..

Компьютер және интерактивті құралдар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстармен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде - өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашу керек. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағында, оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологияларды ғана тиімді деп санауға болады.

Оқушылардың интерактивті құралдар көмегімен қалыптасатын және жүзеге асырылатын ойлау қабілеті бұрынғы технологиялар арқылы берілетін ойлау жүйесінен өзгеше болғандықтан, тек ойлау қабілеті түсінігі ғана емес, қабылдау, есте сақтау зжоғарғы деңгейде болады.

Интерактивті құралдардың келесі ерекшеліктерін атап өтуге болады:

1.Бормен тақтаға жазылған кескінді интерактивті тақтадағы түрлі – түсті айқын, ұқыпты кескінмен салыстыруға болмайды

2. Тақта мен бордың көмегімен әр түрлі қосымшалары бар жұмысты түсіндіру қиын әрі мүмкін емес.

3. Слайдтарда, флипчартта қателер жіберілсе, тез арада түзетуге болады

4. Сабақта АСТIVote тестілеу жүйесі арқылы тест алу мүмкіндігін қолдануға болады

5. АСТIVwand указкасының көмегімен тақтаның жоғарғы бөлігіне кішкентайларға да қол жеткізуге мүмкіндік береді.

6. Сабақта көрнекілікті қолдану деңгейі артады.

7. Сабақтың өнімділігі артады.

8. Оқушылардың білім деңгейіне оң әсер етеді.

Біз бейбіт елде, мемлекеттік білімді жетілдіруге аса мән берген елде тұрамыз. Жалпы білім берудің мақсаты – терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін - өзі дамытуға адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, яғни жеке тұлғаны қалыптастыруға негізделген, ақпаратты технологияны терең меңгерген, жылдам өзгеріп жататын бүгінгі заманға лайықты, жаңашыл тұлғаны қалыптастыру.

Бәсекеге қабілетті болу тікелей білімге байланысты. Біз жаңа технологияға, жаңа өркениетті дамуға байланысты басқа өркенді елдердің көптен бері пайдаланып келе жатқан интерактивті құралдарды қолданып отырмыз. Бұл – біздің Қазақстанның алға қарай жылжуының нышаны болып табылады. Ғылыми білім беруде интерактивті тақтаның мүмкіндігі мол. Интерактивті құралдарды қолдану арқылы оқушы білім кеңістігіне еркін бойлай алады.

1. Тәжірибелі тәрбиешілер жұмыс жүргізген мектепте ғана оқушылардың әдеміліктен, көркемөнерден, әдебиеттен, мәдениет, музыкадан ләззат алуға қабілеті оянады, сөйтіп өзінің музыкадан білімін қабілетін одан әрі дамытуға, өмір құбылысын бұлжытпай түсінуге мүмкіндік алады. Түрлі жолдармен музыкаға қызыққан оқушылар өздерінің қабілетін дамытып, кейін белгілі бір музыкалық оқу орындарына барып түсуге мүмкіндік алуы ықтимал.

2. Эстетикалық білім беруде интерактивті құралдарды қолданудың білімді игертуде оқушыларға берері көп. Интерактивті құрылғылардың Қостанай облысының мектептеріне келуі білім алушылардың білімін жетілдіруіне көп мүмкіндік туғызып отыр.

3. Оқу процесінде, оның ішінде сыныптан тыс жұмыстарда интерактивті құралдарды қолдану мұғалімнің жеке тәжірибесіне, шығармашылық ізденісіне байланысты. Интерактивті құралдар оқыту формасын ұйымдастыруды түрлендіруге, дәстүрлі оқыту әдістеріне жаңа элементтер енгізуге мүмкіншіліктер жасайды. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Қорытындылай келе интерактивті құралдарды орынды қолдану оқыту сапасын жетілдіруге көмектеседі.

4. Берілген анализдердің көрсеткіштері көрсетіп отырғандай, бастауыш сынып оқушылары музыканы қалтқысыз қабылдай және бағалай біледі. Ол үшін балалардың қабылдау тәжірибесін байытып қана қоймай, яғни музыка тыңдауда жаттықтырып қана қоймай, сонымен қатар музыка өнеріндегі шығарманы ойша пайымдауға және талқылауына мүмкіндік туғызу. Мұндай талқылаулардың негізі музыкалық мінерлілікті, музыкалық образдардың мазмұндарын және оның айналасындағы «музыкадан тыс» құралдардың бәрін білу қажет. Музыкалық шығарманы дұрыс түсініп және бағалау үшін образдардың жаңағы құралдармен ара қатынасын белгілеу керек, ал бұл тек балалар мәнділік құралдарын білгенде және оларды айыра алғанда ғана мүмкін.

Біздің тәжірибе музыкалық материалдың көлемін және балаларға берілетін білімнің қазіргі кезде қолданылып жүрген бағдарламамен салыстырғанда анағұрлым ұлғая түскенін көрсетті. Музыкалық білімді меңгеру – танымдық қызығушылықтың дамуына және музыканы тереңірек қабылдай білуді қолдануға мүмкіндік туғызады. Музыканы таңдау процесінде оны түсіне білу қаблеті артады. Түсініп тыңдаған музыка ғана адамның қуаныш, қайғы сезіміне, көңіл күйіне терең әсер ете алады. Адам музыканы тыңдау, оны орындау арқылы өмір құбылыстарын терең түсінуге мүмкіндік алады. Музыка әуені мен мазмұны оқушылар тыңдағаннан кейін олардың жүрегіне жаңа, жақсы сезім туғызып, эмоциялық әсер алу қаблетін ілгері дамытады. Тамаша жазушы Николай Островский бойындағы сырлы сезімдерді Чайковский оятып жүрегіне нәзік бір ой-қиялды туғызғанын айтады, сондай-ақ бұрын ол ондайды тіпті сезген де емес екенін айтқан. Шынында, музыкалық шығармаларды түсініп тыңдай білу-адамның сана-сезімін оятады. Сонымен қатар музыканы меңгеру мектеп оқушыларын жарқын сезімге бастайды және өмір қуанышына бөлейді. Сондықтан әрбір тәрбиеші кластан тыс жұмыстарында оқушыны музыкалық шығармаларды саналы түрде түсініп, қызыға білуге тәрбиелеу қажет.

Балалар – біздің қуанышымыз, үмітіміз, болашағымыз. Бүгінгі мектептің алдына қойылып отырғаны – жеткіншек ұрпаққа мәдени, еңбек, адамгершілік және эстетикалық тәрбие берудің сапасын арттыру. Оқушыларға көркемдік білі беру мен эстетикалық тәрбиені халықтың ұлттық мәдени мұрасымен байланыстыра отырып, айтарлықтай жақсартуы. Сыныптан тыс музыкалық тәрбиені беру арқылы әсемдік сезімін дамыту, көркемдік талғамын тәрбиелеу, өнер шығармаларын сүйіп туған табиғатын, оның байлығын қастерлеп, бағалай білуге қабілеттерін қалыптастыру. Сонымен сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстың

мәні аса зор дей келе болашақ жас ұрпақ үшін қажеттілігін мойындай отырып оқу жоспарларын енгізіп, нағыз қазақтың ұлы, дарынды, білімді, перзенттерін дайындауға тиіспіз деп ой түйіндеймін.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Оқу – тәрбие үрдісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі «Информатика негіздері» 2008 ж.-№ 4 Ж. Садыбекова.
2. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2010 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы.
3. Информатиканы оқытуда интерактивті тақтаны қолдану. «Информатика негіздері» 2008 ж.-№ 5
4. Ұзақбаева С. Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі, Алматы, Білім, 1990 ж
5. Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие Алматы, Білім, 1995 ж
6. Нұрхатова М. Музыкалық білім берудің әдістемесі. Оқу құралы. Өскемен, 2005. 185-б
7. Құлманова Ш. Музыка бағдарламасы. Алматы 2003ж. 245-б
8. Құлманова Ш, т.б. Музыка. Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық. Алматы: «Атамұра», 2003
9. Ожегов С.И. Словарь русского языка. –М.: «Оникс 21 век», «Мир и образование», 2004.
10. Научно-методический журнал // Музыка в школе №1, 2007, с. 14